Ауыл балаларын түрлі олимпиадаларға белсенді түрде қатыстыру бойынша жұмыс қолға алынды. Қазіргі уақытта барлық қатысушылардың ішінде олардың үлес салмағы – 60 пайызды құрайды. Сонымен бірге Орталықтың іс шаралар жоспарына тек ауыл мектептерінің оқушылары үшін өткізілетін сайыстар енгізілді, олардың қорытындысы бойынша түлектер облыстың жетекші жоғарғы оқу орындарының ректорларының гранттарына ие бола алады. Сондай шаралардың бірі - Д. Серікбаев атындағы ШҚМТУ-мен бірлесіп өткізетін Жантасов атындағы «Жас математик» олимпиадасы.

Тек ауыл мектептерінің орта буын оқушылары үшін ұйымдастырылатын «Жас математик», «Жас физик» облыстық олимпиадасы, логика-математикалық «Сәйгүлік» олимпиадасы да осы мақсатты көздейді.

Ауыл мектептерінің оқушыларын сапалы дайындау үшін облыстық мамандандырылған мектептер мен ауыл мектептері арасында меморандумдар жасалды, аудандардағы «Дарын» күндері семинарлары өткізіледі. Бұл жұмыстардың барлығы да өз нәтижелерін беруде. Өткен оқу жылында Абай, Аягөз, Жарма, Зырян, Күршім аудандарының бірнеше оқушысы республикалық олимпиадалар мен ғылыми жарыстардың жүлдегерлері атанғаны көңілге қуаныш ұялатады.

Ауыл балаларын ғылыми-зерттеу жұмысына үйрету және ғылыми жобаларға дайындау үшін арнайы «Жас ғалым» мектебі ұйымдастырылды.

«Дарын» орталығы ауылдың дарынды балаларын әлеуметтік қолдауға да ерекше көңіл бөледі. Осы мақсатта түрлі олимпиадалар мен жарыстардың жүлдегерлеріне ай сайын «Балдәурен» Республикалық оқыту-сауықтыру лагеріне, ұлттық ғылыми-практикалық білім беру және сауықтыру «Бөбек» орталығына жолдамалар беріледі. Интеллектуалдық конкурстардың қорытындысы бойынша 20-дан астам ауыл оқушысы Кипр аралына, Ресей, Франция, Болгария, Түркия елдеріне бейіндік халықаралық лагерьлерге жолдамамен марапатталды.










# ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРДЫҢ БІЛІМІН ЖЕТІЛДІРУДЕГІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТТЕР



*Газизова Нәзигүл Слямболовна педагогика ғылымдарының кандидаты, Семей қ. Шәкәрім ат. мемлекеттік университеті құқықтану кафедрасының қауымдастырылған профессоры*



*Искакова Гүлнәр Қожағұловна саяси ғылымдар докторы, профессор, Семей қ. Шәкәрім ат. мемлекеттік университетінің оқу және әдістемелік жұмыстары жөніндегі проректоры*

*Мақалада еліміздің білім беру жүйесін анықтауда жеке тұлғаны дамыту мәселесі көтеріледі. Аталмыш мәселенің шешілу жолдарының бірі ретінде дарынды балаларды анықтап олардың білімін жетілдіру қарастырылады. Осыған орай педагогтардың атқаратын жұмыстары зерделеніп, тұжырымдар беріледі.*

*Түйінді сөздер: жеке тұлға, дарынды бала, дарындылық, қабілет.*

XXI ғасыр – бәсеке ғасыры, бұл бәсеке енжарлықты, керітартпалықты көтермейді. Сондықтан да еліміздің білім берудегі ұлттық жүйесі өте қарқынды өзгерістер сатысында тұр. Бүгінгі таңдағы негізгі мақсат – ұлттық құндылықты әлемдік деңгейге шығаруға қабілетті, өзіндік жеке көзқарасы қалыптасқан тұлға тәрбиелеу. Ол үшін оқушылардың белсенділігін арттыру, ізденімпаздыққа үйрету және білімді өз бетінше алуы мен қолдана білетін дарын иесін тәрбиелеу керек. Дарындылық білім беру, тәрбиелеу жұмысының әсерінен ғана емес, балалардың өз күштерін жүзеге асыру кезінде ғана дамиды.

Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі стратегиялық даму бағдарламасында білім беруді инновацияландыруға сай икемдеу үшін білім беру жүйесін ақпараттындыру, жаңа талапқа сай дамыту талабы қойылып отыр. Осы талапқа сай бүгінгі таңда білім беруде жеке тұлғаны дамыту, дана және дара ойлай алатын дарынды баланы оқыту мен тәрбиелеу жолдарын айқындау қажеттігі айқын.

Қай елдің болмасын өсіп-өркендеуі, өнуі, әлемде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім жүйесінің қалыптасуына, даму бағытына тікелей байланысты. Сондықтан да, мемлекет басшысы болашақта қазақ елінің көсегесін көгертіп, ғылымын көркейтер деген үмітпен жас дарындарға үлкен назар аударуда, қолдау көрсетуде. Осы орайда қандай да болмасын білім беру мекемесі оқушыларға мемлекеттік білім стандартына сай білім берумен шектеліп қалмай, оларды ғылыми ізденіс жұмыстарға тартып, шығармашылық, дарындылық қабілеттерін дамыту бағытында жұмыс жүргізуі тиіс.

«Жалпы орта білім берудің ұлттық деңгейдегі басты мақсаты – Қазақстан Республикасының әлеуметтік және саяси өміріне белсенді қатысуға дайын, құзіретті тұлғаның қалыптасуына ықпал ету. Жалпы орта білім берудің негізгі міндеттеріңбірі – жеке және қоғам өміріне қажетті әрі қарай кәсіби білім алуы менжұмысқа орналасуының негізі ретінде сапалы білім алуына оқушыға мүмкіндік беру болып табылады» - деп, көрсетілген Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Жалпыға міндетті білім беру стандартында. Бүгінгі таңда білім беру жүйесінің ең маңызды ерекшеліктерін көрсетер болсақ: оның сараланып жіктелген көпсатылы үздіксіз білім беру (мектепке дейінгі, бастауыш, орта, жоғары білім беру, магистратура және докторантура) жүйесі адамның білімі мен әдет-дағдыларын үзіліссіз жаңартып және жетілдіріп отыруына мүмкіндік береді, адамның жеке тұлғасына зор әсер етеді.

Бүгінгі күні педагогика және психология ғылымдарында дарындылықтың 100-ден астам анықтамасы бар. Осы орайда, психологтар дарындылықтың дамуының сипаты, сапалы өзгешелігі, деңгейі-бұл әрқашанда тұқымқуалаушылық пен әлеуметтік институттарда күрделі өзара қатынасының нәтижесі екендігін мойындайды. Дарындылық белгілері – бұл баланың шынайы іс-әрекеттерінде көрініп, арнайы бақылау арқылы бағаланатын ерекшеліктер болып табылады. Сонымен бірге, бала дарындылығын оның мінезінің екі аспектісі ретінде инструменттік және мотивациялық, яғни, «қалаймын» және «шамам жетеді» деген категориялар негізінде және бірлігінде қарастырған дұрыс. Біріншісі, әрекет тәсілдері болса, екіншісі шындықтың қандай да бір жағына қатынасы ретінде сипатталады. Бірінші бөлімді тұжырымдай келе, дарындылықтың дамуына маңызды әсер ететін теориялық нәтижелерден мынадай анықтама шығады: «дарындылық» - бұл интегралды тұлғалық білім, интеллекттік жоғары сатысымен, шығармашылық әлеуетімен сипатталады. Бұл тұлғаныңшы қабілеттілігі мен өз бейнелігінің бірігуін анықтайды. Сонымен бірге белгілі бір қызмет саласында ерекше жетістікке жетуге мүмкіндік туғызады.

Балалар дарындылығын зерттеу кше балаларды оқыту мен тәрбиелеудің педагогикалық жақтарын қарастыру қырлары әр қилы болуы тиіс. Қазіргі күнде ерекше қабілетті балаларды іріктеп, олардың әрі қарай дамуы үшін жағдайлар жасауы керек екендігі анық. Себебі, баланың қабілеттері мен таланттарын толық ашу өзіне ғана емес, мемлекетке де қажет болып табылады. Жаңа технологияларды практикаға енгізу және игертудегі сапалы қадамның сандарынан қоғамның стандартты емес ойлау қабілетіне ие, өндірістік және әлеуметтік омірге, жаңа мазмұн енгізетін, болашаққа қатысты жаңа міндеттерді қойып, оларды шеше алатын мамандарға деген қажеттілік өсті. Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университетінің профессорлық-оқытушылық құрамы дарынды балалармен жұмыс жүргізуді жалғастырып келеді. Ғылымның белгілі бір саласын анықтап оны зерттеуге ден білдірген балаларды ғалымдарымыз мектеп қабырғасынан таңдап алып, оларды ғылымға баулуда айтарлықтай еңбек сіңіруде. Физика, биология, химия, математика, тарих саласында ғалымдар: Б.А.Мукушев, Ж.С.Қасымова, В.А.Хромов, Н.Ш.Карипбаева, В.В.Полевиктің шәкірттері бүгінгі таңда «Дарын» орталығымен бірлесе отырып аймақтық, республика, халықаралық көлемде ғылыми жобаларын қорғап, жүлделі орындарға ие болып жүр.Аталмыш жұмыстар отандық ғылымды дамытуға айтарлықтай үлес қосатыны белгілі. Жаңа бағдарлама бойынша білім берудің балабақшадан бастап, жоғары оқу орнына дейінгі барлық саласы толық үйлесімді дамуына баса назар аударылуы - отандық білім беру саласын жаңа сапалы деңгейге көтеретіні сөзсіз. Ал, бұл өз кезегінде халықтың болашағы - жастардың жан-жақты білім алуына тың серпін береді.

Дарындылық – бір немесе бірнеше іс-әрекеттерде ерекше жетістіктерге жетуге мүмкіндік беретін тұлға мүмкіндіктерінің өзіндік бірігуі арқылы анықталатын, интеллектуалды және шығармашылық әлеуеттің ең жоғары деңгейінен корінуіне әсер ететін интеллектуалды-тұлғалық білім көрсеткіші. Қазіргі кезде адамның болашағы, оның тұлғалық қасиеттері кіші мектеп жасынан бастап дамиды, сондықтан, мұғалімдерге бастауыш мектептердегі жұмысын тек қана дамыту талаптарынан емес, сонымен қатар дарынды баланың өзін-өзі дамытуынан бастау қажет. Жұмысты қаншалықты ерте бастап, соңғы сыныпқа дейін жеткізсек, соншалықты нәтижелі әрі сенімді нәтиже ала аламыз.

Ғалымдар ерте жас кезеңіндегі дарындылық жалпы және әмбебап қабілеттілік ретінде қарастырылып, дамытылуы тиіс деп есептейді. Ал жасына қарай дарындылық арнайы ерекшеліктер мен белгілі бір пәндік бағыт алады.

Зерттеу сараптамалары дарынды балаларды дамыту белгілі бір мерзімді шара емес, ұзақ мерзімді үрдіс екендігін көрсетті. Кез келген іс-әрекет ең алдымен, мақсатын қойып алудан басталуы тиіс. Диагностиканың нақты мақсаттары былай бөлінеді:

- дарындылық белгілерін және олардың берілу деңгейлерін анықтау (сапалық және сандық сипаттамалары);

- дарындылықтың ерекшеліктеріне байланысты оқыту мен тәрбиелеудің ерекше шарттарын құру;
- балаға психологиялық көмек және қолдау көрсету.

Психология саласында бала дарындылығының диагностикасы екі деңгейде қарастырылады: «теориялық» және «әдістемелік» (психометриялық). Осы пікір педагогикалық тәжірибе барысында белгіленген атауын сақтай отырып бекітілді. Кейбір зерттеушілер бұл көзқарасқа білім беру тәжірибесінің көзқарасы бойынша қажетті деп саналатын тағы бір деңгей қосады – «ұйымдастырушылық – педагогикалық».

Бірінші деңгей – *теориялық* әдістерді өткізуге және өңдеуге арналған бағдарламаға қызмет ететін дарындылық тұжырымдамасын анықтайды. Бұл әдістердің нәтижесі болашақта әрбір баланы оқыту және дамыту мәселелерінің дидактикалық аспектілерін өңдеуге негіз болып табылады. Бұл дегеніміз педагогикалық міндет бастауыш мектеп оқушыларының жалпы қабілеттіліктерінің дамуы мен диагностикасынан белгілі бір іс-әрекет түрлеріндегі орта мектеп жасындағы тұлға дамуының адекватты тәсілдерін іздестіруге ауысуы.

Екінші деңгей - *әдістемелік.* Дарындылық концепциясының қабылданған мақсаты мен дарынды балаларды теңестіруге мүмкіндік беретін бағдарламаларды өңдейтін және дамытатын психодиагностикалық шаралардың алға қойған мақсатын сәйкестендіріп өңдейді және жинақтайды.

Балалар дарындылығының концептуалды моделіне, әдістемесіне сәйкес барлық сипаттамаларының ашылу бағыттарын диагностикалау мақсатында мазмұны бойынша төрт топқа бөлуге болады: 1) интеллектуалды деңгей; 2) креативті деңгей; 3) белгілі бір пәндік аумақтағы басым қабілеттіліктер деңгейі; 4) дарынды баланың әлеуметтік бейімделуі. Бұл төрт топтың әрқайсысы психологтар үшін, педагогтар үшін (мұғалімдер, тәрбиешілер), ата-аналар үшін және балалар үшін әдістерге бөлінеді.

Дарындылықтың бағалануы тестеуге ғана негізделмеуі керек. Оның дәрежесі мен өзіндік ерекшелігі оқыту мен тәрбиелеу барысында балалардың белгілі бір мазмұндағы қарекетті атқаруы кезінде байқалады. Дарынды балалардың анықталып, кемелдендірілуіне арнаулы мектептер (музыка, математика, спорт мектептері, т.б.), факультативтік сабақтар, алуан түрлі үйірмелер, студиялар, мектеп оқушыларының олимпиадаларын, балалардың көркемдік өнерлерінің байқауларын өткізу және т.б. жағдай жасайды.Дарынды балалардың психологиялық ерекшеліктерінде де өзгерістер байқалады. Олар бұған дейін ешбір ескертулерді көтермей, тек балалардың алды болуға, өзгелер алдында өзімшілдік қасиеттерімен сипатталса, эксперименттен кейін айналадағылармен санаса білетін, берілген ескертпелерге қалыпты қарай білетін, достарының алдында өзін адекватты бағалайтын тұлға ретінде танылды. Себебі, педагог-психолог қызметі жүйелі түрде жүргізіліп, жоғарыда айтылған талаптар педагогтар тарапынан орындалуы шарттардың бірі ретінде алдыңғы қатарға шығады.

Дарындыларға оқуда қиындық туғызбайтын, тәртіпті, ұйымшыл, білімді, тұрақты, ұғымтал, өз ойын нақты және түсінікті жеткізе алатын балалар жататыны белгілі. Мұндай балалар барлық педагогтарға ұнайтыны сөзсіз. Дегенмен дарындылық тұжырымдамаларына негізделе отырып, дарындылықтың жағымсыз қасиеттерін (менменшілдік т.с.с) де анықтап, олармен педагогикалық-психологиялық қызметті ұйымдастыру мәселесі басты назарда ұсталуы тиіс.Дарындылықты психодиагностикалау бағыттарын басшылыққа ала отырып, педагог-психологтардың дарындылармен жүргізілетін жұмыстары жүйеленіп отырылуы қажет.Дарынды балалармен жұмыс жасауда педагог-психолог мамандардың атқаратын рөлі бір бөлек. Тұлғаның қалыптасу заңдылығын білу педагог үшін объективті түрде оқу-тәрбие процесінде мақсаттар қоюға және оның жұмыстарының нәтижелі болуына өз жәрдемін тигізері сөзсіз. Педагог-психологтың дарындыларды зерттеу жұмыстарын психологиялық тұрғыдан бірнеше бөлімге бөліп қарастыруға болады.

Дарындыларды зерттеудегі педагог-психолог қызметінің құрылымындағы басты бөліктер төмендегідей:

- оның бағыттылығы, яғни, өмірлік позициясы, сенімі, талғамы мен қызығушылығы;
- тұлғаның танымдық-психикалық қасиеттері (зейін, түйсік, қабылдау, ес, ойлау және қиял, яғни танымдық процесстері);
- адамның сезімі және ерік-жігері;
- тұлғаның темпераменті, яғни, мінез-құлқының табиғи ерекшелігі;
- тұлғаның мінезі (психикалық сипаты);
- тұлғаның қабілеті (іс-әрекет мүмкіншілігі).

Дарынды балалардың ерте сөйлеуі мен абстрактылы ойлауға негізделген есте сақтауы жақсы жетілгендігі туралы жоғарыда айтылған болатын. Олар топтастыру қабілетінде және мәлімет пен тәжірибені категориялауда бар білімді кең көлемде қолдану ерекшелігімен байқалады. Сонымен қатар, топтастыру мен шешімге бейімділігі басым болады.Дарынды балалардың сүйікті ісі көп жағдайда коллекция жинау. Балаларға өз коллекциясын жүйелеп жинау мен қайта жасау жоғары қуаныш сезімін әкеледі, дегенмен, әсемдеу, тәртіппен жинау олар үшін мақсат болып табылмайды.

Білім беру жүйесінде педагогтардың дарындылармен жүргізілетін жұмыстарының басты мақсаттарының бірі олардың шығармашылық жұмыста өзінің әлеуетін жүзеге асыруға дайындығын қалыптастыру болып табылады.Оқу-тәрбие процесінде қойылған мақсатқа жету үшін дарындылардың оқу бағдарламасын тереңдетіп оқыту және оның когнитивті белсенділігін дамыту үшін кешенді бағдарламалар құрылу керек.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе мынадай тұжырым жасауға болады:

1. Мектепте дарындылықты анықтауда және оны дамытуда педагог- психолог қызметінің рөлі ерекше.
2. Бастауыш сынып жасы когнитивті әрекеттердің сензитивті кезеңі болып табылады. Сондықтан қабілет құрылымындағы дарындылықты ерте кезден анықтап, оны дамыту бағытындағы жұмыстарды жүйелі мазмұнға келтіру басты мәселелердің бірі.
3. Қабілет құрылымындағы дарындылықтың өзіндік сипаты мен ерекшеліктері бар.
4. Дарындылықты кешенді әдістер арқылы дамыту әлеуетін жоғарылатуға болады.

Осы уақытқа дейін елімізде небір дарынды да, талантты адамдар шықты. Дарынды адамдар өзінің қандай да әрекет аясында қабілеттіліктің жоғары деңгейін көрсетіп, қоғамымызға қаншама жаңалықтар енгізіп отырғаны белгілі. Шын мәнісінде дарынды балалар қарапайымдар сияқты, қоршаған ортадан ойымен, ісімен, ықыласымен ерекшеленетінін түсінбей қалатын жағдайлар кездесіп отыр. Дарындылар үшін басшылық, жетекшілік, көсемдік және озаттық іс секілді қасиеттер үлкен рөл атқарады. Олар өзімен жасты балалармен көбінесе топтағы жетекші және ұйымдастырушы ролді өз қолына алады. Мұндай бақылауларға негізделе отырып, көптеген зерттеушілердің көзқарасы бойынша дарынды балаларда басқа балалар үстінен басшылық ету бейімділігі бар деуге болады.

Қорытындылай келе, дарынды баланың бойынан табылатын асыл қасиеттердің, өмірге құштарлықтың, биік ізгіліктің, бәрінің кілті - мыңды жығатын білімде бола отырып, оны дамытуды педагогтардың дұрыс үйлестіре білуі басты мәселелердің бірі ретінде алға шығады.

**ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі стратегиялық даму бағдарламасы.
2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты.
3. Психология. Адамзат ақыл-ой қазынасы. 1-10 том. Авторлар ұжымы.
4. Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш//Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Алаш, 2003. – 1 т. – 188-226 бб.
5. Елубаев А.О. Дарынды оқушыларды тану ерекшелігі – //Дарын, 2009. №5.-Б.112-116.
6. Ерматов Ш.Р. Дарынды балаларға арналған мектеп оқушыларының шығармашылық белсеңдылыгын дамыту туралы //Білім-образование, 2009. №5.-Б.3-5.
7. Исабекова А.К. Дарынды балаларды айқындаудың тиімді жолдары // Қазақ тілі Қазақстан мектебінде, 2010. №11.-Б.17-21.

# СОЗДАНИЕ СИСТЕМЫ ПСИХОЛОГИЧЕСКОГО ОБЕСПЕЧЕНИЯ РАЗВИТИЯ ЛИЧНОСТИ ПЕДАГОГА В ШКОЛЕ

*Васильева Галина Дмитриевна*
*педагог-психолог КГУ «Специализированная школа-лицей №34 для одаренных детей» УО ВКО, Восточно-Казахстанская область, г. Усть-Каменогорск*

Одной из задач психологической службы образования на современном этапе является изучение индивидуальных особенностей ребенка, и развития субъектного начала в нем [2]. Как правило, виды деятельности школьного психолога ориентированы на работу психолога непосредственно с учащимися. Между тем, основной фигурой, оказывающей влияние на ученика, был и остается учитель, от профессионализма которого во многом зависят возможности развития ребенка [1, 3]. В сегодняшней школе востребован учитель, способный осуществлять функции педагогического менеджмента не только применительно к учебно-воспитательному процессу, к обучению, воспитанию и развитию ученика, но и по отношению к себе, к своему профессиональному и личностному росту. Лишь педагог, осознанно выстраивающий свою субъектность, способен организовать и стимулировать становление субъектной позиции учащегося, предполагающую его активную деятельность по самопознанию и саморазвитию [5]. Субъектность учителя значительно влияет на качество формирующейся субъектности учащихся. Вследствие этого более эффективной может оказаться опосредованная помощь психолога учащимся, реализованная через работу психолога с учителем [1].

Таким образом, взаимодействие педагога-психолога с учителем, актуализация субъектности педагога, развитие педагогического профессионализма представляет, на наш взгляд, важное направление деятельности психологической службы лицея. В этой связи, в соответствии с темой и программой опытно-экспериментальной работы школы «Субъектный подход к организации образовательного процесса как условие развития способностей педагогов и учащихся в условиях специализированного лицея», разработанной под руководством научного руководителя школы Паньшиной Т.В., канд. пед. наук, доцента кафедры педагогики ВКГУ им. С. Аманжолова, нами была создана система психологического обеспечения развития личности педагога в школе (рис.1.). В основу создания системы психологического обеспечения развития личности педагога были положены пять составляющих: 1) научно-методическая; 2) психодиагностическая; 3) социологическая; 4) информационно-техническая; 5) организационная. Остановимся на первых трех составляющих, которые на наш взгляд, являются основными.

Научно-методической основой системы психологического обеспечения развития личности педагога в школе стала концепция субъектности педагога, разработанная Е.Н. Волковой [1], в которой субъектность понимается через категорию отношения человека к себе как к деятелю и включает в себя следующие компоненты: активность, свобода выбора и ответственность за него; уникальность, понимание и принятие другого, саморазвитие, способность к рефлексии.

**Составляющне системы:**

**-Научно - методическая;**
**-Психоднагностическая;**
**-Социологическая;**
**-Инф. – техническая;**
**-Организационнная**




Рисунок 1. Схема структуры системы психологического обеспечения развития личности педагога в школе

Для обеспечения психологического мониторинга субъектности педагога психологической службой лицея сформирован комплекс психодиагностических методик.

По мнению Т.В. Паньшиной, не эпизодические, слабо связанные между собой диагностические срезы, но именно мониторинг является непрерывным, научно-обоснованным, диагностико-прогностическим слежением за качеством профессионального и личностного совершенствования педагога [5].

Сформированный аналогичный комплекс для социологических исследований позволяет осуществлять педагогический мониторинг субъектов образовательного процесса.

Как отмечают Н.В. Калинина, М.И. Лукьянова, изучение удовлетворенности участников образовательного процесса позволяет в достаточной мере высветить слабые места в деятельности образовательного учреждения [4].

Выявление и анализ образовательных потребностей педагогов в психологических знаниях, тематика их запросов, а также результаты психологического и педагогического мониторинга служат основой для разработки различных форм работы с педагогическим коллективом. Наряду с традиционными формами (консультации, участие в заседаниях кафедры, педагогических и методических советов, психолого-педагогических консилиумов и др.) в практику работы с педагогическим коллективом вошли различные виды семинаров: теоретические, психолого-педагогические, практико-ориентированные, а также активные формы обучения в виде семинаров-тренингов и психологических игр. Нами была разработана и апробирована программа семинаров-тренингов с педагогами с целью развития учителя как субъекта профессиональной деятельности в совокупности всех компонентов его субъектности.



С учетом адресного характера запросов и их тематики используются следующие формы работы с педагогическим коллективом: консультации для классных руководителей, групповые консультации для отдельной кафедры, консультации и психологические игры для педагогического коллектива.

Эффективность системы психологического обеспечения развития личности педагога в школе подтверждают результаты социологического исследования (педагогический мониторинг). Целью данного исследования является изучение удовлетворенности участников образовательного процесса его важнейшими сторонами как одного из психолого-педагогических показателей результативности деятельности школы. В данном исследовании использовалась анкета «Удовлетворенность образовательным процессом» [4].

Результаты мониторинга свидетельствуют о достаточно высоком уровне удовлетворённости у всех субъектов образовательного процесса, прослеживающаяся положительная динамика по годам показателя удовлетворенности среди всех участников образовательного процесса.

Таким образом, система психологического обеспечения развития личности педагога в школе-лицее № 34 позволяет: осуществлять целенаправленную, адресную и последовательную работу с педагогическим коллективом с учетом специфики школы, образовательных потребностей педагогов в психологических знаниях; содействовать развитию учителя как субъекта профессионального и личностного роста на основе выбора наиболее оптимальных форм работы; отслеживать качественные изменения в личности педагога. И что особенно важно - созданная в школе система оказывает непосредственное влияние на психолого-педагогический показатель результативности деятельности школы.

**ЛИТЕРАТУРА:**

1. Волкова Е. Н. Субъектность педагога: теория и практика: автореф. дисс. д-ра психол. наук. - М., 1998. - 48 с.
2. Дубровина И.В. Психологическая служба в современном образовании: Рабочая книга / Под ред. И.В. Дубровиной. - СПб, Питер, 2009. – 400 с.
3. Евсюкова Е.В. «Субъектность педагога как личностное качество» / Е.В.Евсюкова // http://www.koob.ru
4. Лукьянова М.И., Калинина Н.В. Психолого-педагогические показатели деятельности школы: Критерии и диагностика. – М, ТЦ Сфера, 2004. – 208 с.
5. Паньшина Т.В. Мониторинг качества образования: учебное пособие. Алматы, Триумф «Т», 2007. - 104 с.













# КАК СДЕЛАТЬ ДИСТАНЦИОННЫЕ ОЛИМПИАДЫ ДЕЙСТВИТЕЛЬНО ДИСТАНЦИОННЫМИ?

*Шультайс Евгений Александрович*
*руководитель группы технической поддержки*
*Казахстанские Интернет Олимпиады*

На протяжении последних 10 лет в Казахстане стремительно развивается Интернет-отрасль. В первую очередь из года в год увеличиваются скорости, снижается цена, появляются новые операторы связи. Все это делает Интернет доступней. Доступ к сети стал успешным залогом многих дистанционных проектов, в том числе и в сфере образования. Ярким примером служит проект КИО – Казахстанские интернет-олимпиады.

Казахстанские интернет-олимпиады получили широкое распространение среди школьников и учителей со всех регионов Республики. Если в первых олимпиадах принимало участие до 20-ти школ, то сегодня практически все учебные заведения задействованы в КИО.

В отличие от многих других олимпиад, с самого начала в КИО фундаментом была эффективная обратная связь с участниками. Команда технической поддержки оперативно отвечает на телефонные звонки, принимает сообщения по электронной почте, разъясняет вопросы участников на блоге проекта. Это один из первых и самых важных залогов качественной дистанционной работы системы олимпиад.

Следующим важным звеном стала платформа проведения олимпиад. Команда программистов из года в год совершенствует ее, делает более удобной, понятной и приятной в восприятии для участников олимпиад. Большое внимание уделяется повышению стабильности работы ипроекта при высоких нагрузках.

Таким образом, любой ученик или учитель может, не выходя из дома или школьного кабинета принять участие в олимпиаде наравне с другими участниками со всей страны.

Отличительной особенностью КИО является тот факт, что подать апелляцию можно также дистанционно. Этот механизм был предложен и реализован по просьбе участников олимпиад, что наглядно демонстрирует качество обратной связи проекта.

Неожиданным испытанием для оргкомитета стала доставка дипломов в регионы. Сложность в первую очередь обусловлена отношением работников Казпочты к своим обязанностям. Конверты порой доставляют мятыми, мокрыми, в совершенно непрезентабельном виде. Что уж говорить о внутреннем содержимом таких конвертов. Увы, ругаться и выяснять, почему это происходит – бесполезно. Поэтому первым нашим решением был ряд мер по защите диплом от «почтового вандализма»:

- Во-первых, на конвертах идут специальные наклейки на двух языках следующего содержания: «Дипломы победителей школьных и учительских олимпиад. Просьба не мять и не сгибать»

- Во-вторых, документы помещаются в файлы, для защиты от влаги.

- В-третьих, оргкомитет принял решение отправлять дипломы на городские и районные отделы образования, чтобы они по возможности шли пачкой, которую сложнее было бы согнуть или помять.

Однако и этих мер зачастую не хватает. Все победители рассчитывают получить свой диплом не только в хорошем качестве, но и как можно скорее. И вот в этой части кое-что зависит от координаторов, педагогов в самих школах. Как упоминалось выше, конверты с дипломами приходят на адреса городских и районных отделов образования. У специалистов технической поддержки на руках контакты и адреса тех сотрудников, кто получает корреспонденцию. Достаточно обратиться по телефонам КИО, чтобы выяснить судьбу дипломов: на подписи они, отправлены ли, кому и куда отправлены.

Однако, как показала практика, даже при таком серьезном подходе происходят форс-мажоры и некоторые победители не дожидаются заслуженных наград. Как правило, это происходит по вине человеческого фактора. Кто-то получил письмо и убрал в стол, кто-то получил дипломы и ушел в отпуск или уехал в командировку.

В связи с этим в новом учебном году Оргкомитет КИО принял решение о дополнительной страховке для победителей. Непосредственно перед отправкой каждый диплом будет сканирован в самом лучшем качестве и загружен в профиль получателя на сайте КИО. Этот документ будет содержать подписи и печати. Его можно будет самостоятельно распечатать на цветном принтере.




Во всем мире дистанционные проекты идут именно по этому пути. Участникам международных семинаров, конкурсов и соревнований выдают электронные сертификаты и дипломы, для того чтобы те их распечатали самостоятельно.

При этом организаторы позаботились о проверке и подтверждении подлинности документов. На сайте КИО в новом учебном году доступна проверка диплома по его номеру. Сайт выдаст информацию о владельце диплома, предмете участия и дате выдачи. Эти функции будут доступны для всех желающих, удостовериться в подлинности того или иного документа.

Дистанционное образование в целом - вещь очень удобная и полезная. Параллельно с основным обучением, вполне можно отдать предпочтение дистанционным формам. Эти формы очень эффективны в сфере дополнительного образования или повышения квалификации.

Наше мнение по этому поводу подтверждает тот факт, что сегодня в Казахстане основной спрос на дистанционную форму обучения сосредоточен все-таки в регионах. Большое количество участников олимпиад проживают именно в сельской местности. В связи с этим можно сделать вывод, что при дальнейшем развитии Интернета качество дистанционных проектов должно расти, так как это происходит на примере Казахстанских Интернет-олимпиад.



# ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРМЕН ЫҚПАЛДАСУДА ПЕДАГОГТАРДЫҢ КӘСІБИ ДАЯРЛЫҒЫНЫҢ НЕГІЗІНДЕ ҰТЫМДЫ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІ ҚОЛДАНУ ТИІМДІЛІГІ

*Солтанғалиева Гульжан Маратовна*
*ШҚ ӨҒП «Дарын» орталығы, инновациялық-педагогикалық зертхана әдіскері*

*«Сабақ беру – үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол – жаңадан жаңаны табатын өнер»*
*Ж. Аймауытов*

Дарындылық - адамның өз бейімділігімен шығармашылықпен жұмыс істеу арқылы қалыптасатын қасиет. Баланың дарындылығын анықтаудың негізі мектептен басталады.Әр баланың бойында табиғат берер ерекше қабілеті, дарындылығы болады. «Бұлақ көрсең көзін аш» - дегендей, осындай баланың бойындағы дарындылық қасиетін дамыту көбіне мұғалімдердің кәсіби біліктілігіне байланысты екендігі айдан анық.

Қазіргі қоғам дамуының ең маңызды факторларының бірі – білім және ғылым десек, технологиялардың қарқынды дамыған шағында әлеуеттік ортада ақыл-ой парасатының жоғары көрсеткішімен танылған дарынды балалар оқытудың дербес бағдарламаларының негізінде өз ойларымен бөлісе алатын ұстаздарды қажетсінеді. Жиі жағдайда оқу үрдісінде бірлескен танымдық әрекетте кәсіби даярлығы шыңдалмаған ұстаз бала бойындағы ерекшеліктерге назар салмай, оның ойында туындаған сан қырлы сұрақтарды жауапсыз қалдырады. Бұл арада даралық сипат тек сандық тұрғыдан берілген тапсырмалармен шектеліп, өзіндік жетілудегі сапалық өзгерістері назардан тыс қалады.

Белгілі ағылшын психологы Г. Айзенек дарындылық туралы түбегейлі, тұрақты қорытынды шығаруға асықпаған жөн деп тұжырымдайды. (1, 89). Ал неміс ғалымы Штерн дарындылықты индивидтің өз бойында жаңа талаптар, мақсаттар мен міндеттерді орындау саналы түрде бағыттай алу қабілеті деп түсіндіреді

Мұғалімнің жеке басы қандай да болмасын оқытудың басты факторы саналады. Сол себепті, дарынды балалармен жұмыс атқаратын ұстаз да осылардың қатарында. Атқарылған жұмыс нәтижелігі ұстаздың жеке басының сапалық қасиеттеріне: көзқарастар мен сенімдер жүйесіне тәуелді. Нақ осы құрылымдар үнемі оқушылармен өзіндік қатынаста іс-әрекетте көрініп отырады.

Көне заманның дана ойшыл-философы Плутарх: "…Көптеген табиғи талант дарынсыз ұстаздардың кесірінен жойылып кетеді. Олар дарынның табиғи құбылысына терең бойлай алмай, тұлпарды есекке айналдырып құртып тынады»,- деп ой сомдаған. (4, 27) Сондықтан да, қазіргі уақыт кемелінде тәжірибелі жаңашыл, шығармашылықпен жұмыс жүргізетін ұстаздар қауымы осындай келеңсіздікке жол бермеуі тиіс.

Дарынды балалармен жұмыс барысында педагогтің кәсіби біліктілігі мен жеке басына қосымша талаптар қойылады. Француз ғалымы М. Карне дарынды балалармен жұмыс атқаратын педагогтарға қажетті келесі сапаларды анықтап көрсеткен:

- дарындылық мәселесіне орай танымдық білім қорының жиыны;
- тәжірибелік дағдысының болуы;
- «Мен» позитивтік тұжырымының қалыптасуы;
- мақсатшылдығы мен табандылығы;
- ой кемелдігі;
- эмоция тұрақтылығы;
- сезімталдығы;
- жасампаздығы.

Осыған орай, дарынды балалармен жұмыс атқаратын ұстаздар арнайы даярлық курстарынан өтудіжүйеге кіріктіру қажеттілігі туындағаны айқындалды.

Жаңашыл ұстаздан дарынды шәкірт шығады»,- демекші, дарынды оқушылардың көп болуы шығармашылықпен жұмыс жасайтын ұстаздарға байланысты. Шығармашыл ұстаз бұл – теориялық жағынан білімді, әлемдік педагогикалық озық үлгілерін жаңашылдықпен дамытып жүрген үнемі кәсіби шеберлікке ұмтылатын, тәлім-тәрбие ісінен жалықпайтын, баланы өзіне тарта алатын, тәлімгер, шығармашылық ізденістегі адам.

Дарынды балалармен жұмыс атқаратын ұстаздарды даярлау бойынша атқарылатын әдістемелік жұмыстар әр жақты құрылуы тиіс. Бұл арада педагогикалық қызметте алға қойған мақсат пен жұмыс бағыты басшылыққа алынады.

Мақсат: дарынды балалармен жұмысты ұйымдастыру мен ықпалдасуда әдістемелік жұмыстар жүргізу арқылы педагогтардың біліктілігін көтеру. Ақпараттық бағыттылық - педагогтар назарын дарынды балаларды анықтау және дамыту мәселесіне тарту және дарынды балалармен жұмыс жасау үшін білімдік бағдарламалар және әдістемелік материалдар қорын құру болып табылады.

Жалпы алғанда, жеке тұлға дарындылығының деңгейлік көрсеткіштері ғалымдардың пайымдауы бойынша жоғары дарынды, дарынды, орташа дарынды болып сипатталады. (9, 2б)

Көбінесе «Дарынды оқушы – бұл жақсы оқитын оқушы»,- деген пікір қалыптасқан. Белгілі ағылшын психологі П.Торранстың зерттеулері бұл пікірдің мұғалімдер арасында жиі кездесетінін анықтады. Оларға оқуда қиыншылық туғызбайтын, тәртіпті, ұйымшыл, білімді, тұрақты, ұғымтал, өз ойын нақты және түсінікті жеткізе алатын оқушылар көбірек ұнайды. Ал қисынсыз сұрақ қоятын, өз жұмысымен ғана айналысатын, тәуелсіз, көбіне түсініспеушілік туғызатын, қияли, әр нәрсеге көзқарасы бөлек оқушылар ұнамайды. П.Торранстың зерттеулері нақ осы қасиеттер оқушының шығармашылық дарындылығын көрсететін және оның нашар оқитын оқушылардың арасында да аз емес екендігін айқындаған. Сондықтан мұғалімдер осы зерттеулердің нәтижесін есте ұстағаны жөн. (17, 3)

Адамды танып білу, оның бойындағы ерекше қабілетті коре білу мұғалім үшін аса қажет. Деңгейлік тапсырмалар беру арқылы оқушы қабілетінің шарықтау шегін, танымдық сұрақтармен – ойлау қабілетін, теориялық тапсырмалармен – тақырыпты меңгеру қабілетін, шығармашылық тапсырмалар арқылы салыстыру қабілетін, ойтолғау негізінде ізденуді, тест арқылы есте сақтау қабілеттерін анықтап шыңдауға болады.

Оқу материалын саралап оқытудың сабақ түрінде қолданылуы, негізінен дидактикалық материалдардың мақсатты жүйесі және оқушылардың жеке ерекшеліктеріне қарай әдістемелік тәсілдерді ұтымды пайдалану арқылы жүзеге асырылады. Қолданылу мақсатына қарай дидактикалық материалдар ақпараттық, нұсқаушы, жаттықтырушы, аннотациялық бақылаушы болып бөлінеді.Бұл материалдар карточка-тапсырма, нұсқаушы парақтар, сызбалар тағы басқа түрінде беріледі.

Дидактикалық материалдар ауызша және жазбаша, зерханалық және тәжірибелік, аналитикалық және графиктік сияқты танымды тапсырмаларды орындауды көздейді. Сөйтіп дидактикалық таисырмалар оқыту үрдісінің барлық сатыларын қамтиды және бұл тапсырмалар жеке оқушының да,деңгейлік топтардың да ерекшеліктері мен дайындық дәрежелерін, мүмкіндіктерін ескере отырып жасалады. Бұл тапсырмаларды орындау нәтижесінде оқушылардың өз күштеріне сенімі, білімді игеруге деген қызығушылығы, ынта-ықыласы мен қабілет, қасиеттері ашылады.

Дарынды баламен жұмыс мұғалімнің бақылауымен тікелей жүзеге асып отыруы қажет. Бұлай дейтініміз - әр жұмыс түрлері талданып, сараптама жасалып отыру деген сөз. Осы сараптама негізінде дарынды балаларды мектепішілік, қалалық, облыстық, республикалық іс-шараларға қатыстырып, қабілеттерін дәлелдеу – баланың оз біліміне деген сенімін арттырады. Әр дарынды баланың ынтасын, дарындылығын қамти отырып, шығармашылық жұмыстарын

таратуға мүмкіндіктер жасалынады. Осы жағдай дарынды баланы бақылауға, дұрыс бағыт беруге, жеке тұлғалық дамуына мүмкіндік туғызатын бірден бір жол. Жас ерекшелігін ескере отырып қабілетіне қарай баланы жүйелі дамытып, қолдау көрсетіп отыру - келешек жастардың мемлекетімізге әкелер үлесінің зор екендігін айқындай түседі. Дарынды баламен жұмыс негізінде:

1.Өзін-өзі тануға, өзін-өзі тәрбиелеуге, жаңашыл, төзімі берік, үнемі өзін дамытуға, ізденетін, экспериментшіл, принципке берік, ешкімді қайталамайтын, энтузиазист,бойына дарындылықты қалыптастыра білетін тұлғаны күтеміз;

2. Дарынды балалар келешектегі кәсіби мамандық таңдауда өздері шешім қабылдайды және олар мектептегі жасалынған жұмыс негізінде болашақ мамандықтарын қателеспей таңдай алады және болашақта жақсы маман иелері болып шығады;

3. Дарынды баламен жұмыс барысында мектеппен ғана шектелмей, жоғары оқу орындарымен байланыс жасалынады.

Атқарылған жұмыс түрлері нәтижесінде төмендегідей жетістіктерге қол жеткізуге болады:

1.Дарынды оқушының ақыл-ойының, эмоционалдық және әлеуметтік дамуы мен ерекшеліктерінің өзіндік козқарас тұрғысынан дамиды;

2.Жан-жақты ақпаратты қабылдауы, сол ақпараттар негізінде өз ойын жеткізіп, өмір ағымына сай көзқарасы пайда болады;

3.Дарынды оқушының шығармашылық деңгейі дамып, кез-келген ортада өзін еркін ұстау мүмкіншілігі арта түседі;

4.Дарынды оқушының қоршаған ортаға өзін-өзі жарнамалау деңгейі яғни өз білімін көрсете білуі дұрыс жолға қойылады.

Бала бойындағы дарындылықты ашуда әрбір ұстаз жаңашыл әдіс-тәсілдерге сүйеніп, өз сабағын жүргізсе, өскелең жастың өмірге нақты көзқарасын қалыптастыра алады.

Оқушылардың шығармашылық қабілетін арттырып, ынталандыру үшін сабақтарды мынадай жолдармен өткізуге болады:

1.Сабақта кең колемде корнекі құралдарды пайдалану;

2.Сабақты түрлендіріп өткізу;

3.Сабақта оқушылар өздері жасаған суреттер, схемаларды пайдалану;

4.Техникалық құралдарды тиімді қолдану;

5.Сабаққа қатысты бейнетаспаларды, фильмдерді көрсету.

Қорыта келгенде, О.Бальзактың "ұдай еңбек ету- өнердің де, өмірдің де заңы" дегеніндей, оқушылардың шығармашылық қабілеті мен белсенділігін артыруда мұғалімге үнемі ізденуге, тұрақты еңбек етуді міндеттейді.

Әрине, артқарылған істер аз емес. Дегенмен, әлі де болса бізді ойландыратын, толғандыратын істер жетерлік. Атап айтқанда, олар – білім сапасын арттыру, оқушылардың біліміне, ойлау қабілетіне сай деңгейлеп оқыту, ғылыми-ізденіс қабілеттерін қалыптастыру, т.с.с. Өйткені, XXI ғасыр - білімділер ғасыры. Ендеше бізге ой өрісі жоғары дамыған, зерделі, жан-жақты парасатты ұрпақ керек екенін бір сәтте естен шығармағанымыз жөн.

**ӘДЕБИЕТТЕР:**

1.«Дарынды балаларды дамыту – мемлекеттің болашақ зияткер зиялыларын қалыптастырудың алғы шарттары» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Павлодар, 2010ж; -344 б.

2.Ү.Б. Жексенбаева «Балалар дарындылығын диагностикалау. (әдістемелік құрал), - Алматы, 2005ж.

3.Е.И. Щебланова «Психологическая диагностики одаренности школьников: проблемы, методы, результаты исследований и практики». – М.2004ж.

4.Бабаева Ю.Д. Динамическая теория одаренности. Основные современные концепции творчества и одаренности. М. 1997г.

# ОСОБЕННОСТИ ПРИМЕНЕНИЯ МЕТОДА ПРОЕКТА НА УРОКАХ "ТЕХНОЛОГИИ" В УСЛОВИЯХ КОРРЕКЦИОННОЙ ШКОЛЫ



*Толегенова Гульмира Толегеновна.
к.п.н., ст.преподаватель кафедры физики и технологий ВКГУ имени С.Аманжолова.*



*Малютин Вячеслав Анатольевич.
преподаватель технологии КГУ «Коррекционная школа-интернат №2 для детей с нарушением слуха и речи».*

*«В мир творчества человека ведет слово, песня, кисть художника, резец резчика, если он в руках талантливого мастера»*

Проектная деятельность учащегося является основной составляющей учебного процесса и полагает применение школьниками знаний и умений, полученных из различных разделов образовательной области «Технология». Проект – это не любая деятельность учащегося, результатом которой является тот или иной продукт, а деятельность исследовательская, поисковая, ориентированная на реальный практический результат.

Стремление к красоте сопровождает человечество на протяжении всего времени его существования. В проекте рассматриваются вопросы, связанные с «Технология художественной обработки древесины с элементами декоративно-прикладного искусства», который является уроками дополнительного образования. Для учащихся важно не только приобрести какую-либо специальность, но и освоить ее особенности, усовершенствовать практические навыки, его актуальность и полезность.

Тема для проекта должна быть выполнена, решение его должно принести реальную пользу участникам исследования. В проект я стараюсь включать темы, которые актуальны для детей в данном учебном заведении.

Цель нашей работы: ознакомить учащихся КГУ «Коррекционная школа интернат №2 для детей с нарушением слуха и речи» г.Зыряновска с направлением декоративно-прикладного искусства, а именно геометрической резьбы по дереву. Воспитание эстетических потребностей.

Задачи: дать предложение о видах резьбы, проявить творческие способности в изготовлении изделия.

Объект: Разделочная доска.

Предмет: изучения материала, инструмента.

Практическая значимость: проанализировав изученные данные пришли к выводу, что у школьников проявляется интерес к предмету «Технология», а участие в проекте – это возможность передать внутреннюю культуру, красоту и эстетический мир окружающим.

Новизна исследования: заключается в том, что мы убедили учащихся в необходимости на уроках «Технологии» изучать, осваивать, а так же применять геометрические резьбы в изготовлении различных изделий. Наши исследования доказали, что у более активных и усидчивых учащихся, достаточно быстро формируются трудовые навыки, эстетическое представление об изделиях и самое главиое, они смогут быстрее реализовать себя после окончания школы, то есть, самореализоваться.

Безусловно, «Геометрическая резьба» вносит свои коррективы в понятие красоты и эстетичности. В разные времена мастера смешивали стили резьбы, предавая этому свою индивидуальность.

Резьба – одна из форм эстетической деятельности человека. Каждая историческая эпоха создавала свой художественный стиль. И так, стиль – это целостная система средств образного познания действительности, характеризующая данную эпоху.

Когда создаешь, творишь свои изделия, то приносишь в этот мир еще чуть-чуть света и красоты. Наши изделия характеризуются элементами геометрического характера, глубиной прорезания резьбы, а так же чистотой резьбы. Она развивает у человека фантазию, художественный вкус, творческую активность, воспитывает понимание красоты, любознательность, трудолюбие и актуальность.

Организация подготовительного этапа.

Последовательность выполнения проекта.

Для того, чтобы не упустить какие-либо нюансы выполнения творческого проекта мы составляем последовательность изготовления изделия:

1. Выбор материала;
2. Подготовка материала к работе;
3. Нанесение рисунка на материал;
4. Подготовка резцов к работе;
5. Выполнение резьбы (техника резьбы);





6. Отделка выполненных работ;
7. Самоконтроль выполненных изделий;
8. Защита проекта.

Таким образом, изделие, предоставленное в творческом проекте, дает уверенность в том, что учащиеся смогут реализовать себя в творчестве, продолжить обучение и приобрести специальность, применять свои знания, трудовые навыки, технику декоративно-прикладного искусства, полученную на уроках «Технологии», в дальнейшей трудовой деятельности, а так же жить и работать в условиях жесткой конкуренции современного рынка труда.

Исследования показали, что для успешной социализации, адаптации и интеграции в общество, необходимо быть наблюдательным, трудолюбивым, ответственным за порученное задание. Работать над тем, чтоб изделие, созданное своими руками, отличалось оригинальностью, индивидуальностью, хорошим вкусом. Относиться с уважением и интересом к любимому делу, профессии.



# В ЦЕЛЯХ ПОДГОТОВКИ ШКОЛЬНИКОВ К ОЛИМПИАДАМ РАЗЛИЧНОГО УРОВНЯ ПРЕДЛАГАЕМ ВАШЕМУ ВНИМАНИЮ УСЛОВИЯ И РЕШЕНИЯ ЗАДАНИЙ ПО МАТЕМАТИКЕ ОБЛАСТНОГО ЭТАПА РЕСПУБЛИКАНСКОЙ ОЛИМПИАДЫ ШКОЛЬНИКОВ

## 9 класс
## I тур

1. Доказать, что любое натуральное число представимо в виде $x^2$-$y^2$+$z^2$, где $x$, $y$, $z$ – натуральные числа.

2. В каждой клетке таблицы 3х3 написаны действительные числа. Элемент, стоящий на пересечении $i$-й строки и $j$-го столбца равен модулю разности между суммой чисел $i$-й строки и суммой чисел $j$-го столбца ($i,j$=1,2,3). Доказать, что любой элемент данной таблицы представим в виде суммы или в виде разности каких-нибудь двух других элементов.

3. В остроугольном треугольнике $ABC$ на стороне $BC$ произвольным образом выбрана точка $D$. Пусть$E$ и $F$ – основания перпендикуляров, опущенных из точки $D$ на стороны $AB$ и $AC$ соответственно. Доказать, что $\frac{4S^2}{AC^2+AB^2} \le DE^2 + DF^2 \le \max(h_b^2, h_c^2)$, где $S$ - площадь треугольника, $h_b$ и $h_c$ – длины высот, опущенных из вершин $B$ и $C$ соответственно.

4. Три ученика$A$, $B$ и $C$ сдают тесты для поступления в лицей. Тесты проводятся в несколько туров. В каждом туре определяются самый лучший, средний и плохой результаты (одинаковых результатов нет). За самый лучший результат дается $x$ очков, средний – $y$ очков и плохой – $z$ очков, где $x > y > z$ - натуральные числа. В результате всех туров$A$ набрал 22 очка, $B$ и $C$ по 9 очков каждый. Известно, что в первом туре ученик $B$ показал самый лучший результат. Сколько было проведено туров, и как в каждом туре были распределены места?

## Решение задач для 9 класса I тур

1. Так как $(n+1)^2 - n^2 + 1^2 = 2n + 2$ и $(n+1)^2 - n^2 + 2^2 = 2n + 5$, то любое четное число, не меньшее 4 и нечетное число, не меньшее 7 можно представить в виде $x^2 + y^2 + z^2$, где x, y, z– натуральные числа. Покажем теперь, что в таком виде можно предоставить числа 1, 2 , 3 и 5:

$$1 = 1^2 - 1^2, 2 = 3^2 - 4^2 + 3^2, 3 = 4^2 - 7^2 + 6^2, 5 = 4^2 - 6^2 + 5^2.$$

2. Пусть$a_1, a_2, a_3$ и $b_1, b_2, b_3$суммы элементов в первой, второй, третьей строке и в первом, втором, третьем столбце соответственно. Очевидно, что$a_1 + a_2 + a_3 = b_1 + b_2 + b_3$.Элемент стоящий на пересечении первой строки и первого столбца равен $|a_1 - b_1|$. С

ругой стороны, $|a_1-b_1| = |a_2+a_3-b_2-b_3|$, что означает $|a_1-b_1| = e_1|a_2-b_2| + e_2|a_3-b_3|$, где $e_1, e_2 \in \{+1,-1\}$. Так как $|a_1-b_1| \geq 0$, то очевидное $e_1 = e_2 = -1$

3. невозможно. Таким образом, $|a_1-b_1|$ есть либо сумма, либо разность чисел $|a_2-b_2|$ и $|a_3-b_3|$. Аналогично можно доказать, что любой другой элемент данной таблицы представим в виде суммы или в виде разности каких-нибудь двух других элементов.

4. Пусть AC=b, AB=c, DE=x, DF=y. Тогда $S_{ABC} = S_{ABD} + S_{ADC} = \frac{1}{2}(cx+by)$ и $\frac{4S^2}{AC^2+AB^2} \leq DE^2 + DF^2 \Leftrightarrow (cx+bx)^2 \leq (b^2+c^2)(x^2+y^2) \Leftrightarrow (bx-cy)^2 \geq 0$. Докажем теперь неравенство $DE^2 + DF^2 \leq (h_b^2,\ h_c^2)$. Предположим, что $h_b \leq h_c$, то есть $b \geq c$. Нужно доказать, что $x^2+y^2 \leq h_c^2$. Так как $h_c = 2S/c = (cx+by)/c$, то наше неравенство эквиваленто следующим:

$$x^2+y^2 \leq \frac{(cx+by)^2}{c^2} \Leftrightarrow c^2x^2 + c^2y^2 \leq c^2x^2 + 2bcxy + b^2y^2 \Leftrightarrow c^2y^2 \leq b^2y^2 + 2bcxy.$$

Последнее очевидно, так как $c \leq b$ по предположению. Равенство достигается когда $b=c$ и $xy=0$ *или* $b>c$ и $y=0$. Случай $h_b \geq h_c$ рассматривается аналогично.

5. Пусть было проведено $m$ туров. Тогда $m(x+y+z) = 22+9+9 = 40$. Так как $x+y+z \geq 6$, то возможны только три случая m=2, 4 или 5. Случай m=2 проводит к противоречию, так как с одной стороны получается, что за самый лучший результат давалось не менее 11 очков. (А набрал за 2 тура 22 очка), а с другой – не более 9 (В набрал за 2 тура 9 очков и в первом туре показал самый лучший результат). Рассмотрим случай m=4. В этом случае $x+y+z=10$ и за самый лучший результат должно даваться не менее 6 очков (т.к. А набрал за 4 тура 22 очка). Возможно только два случая x=6, y=3, z=1 и x=7, y=2, z=1. Нетрудно убедиться, что за 4 тура в первом случае *А* никак не сможет набрать 22 очка, а во втором случае *В* не сможет набрать 9 очков. Таким образом в случае мы также приходим к противоречию. Остается лишь один случай m=5. Отсюда $x+y+z=8$. Ученик А за 5 туров должен получить 22 очка. Поэтому за самый лучший результат должно даваться не менее 5 очков. Учитывая равенство $x+y+z=8$ получаем $x=5$, $y=2$, $z=1$. В первом туре В получил 5 очков. Значит А получил не более 2 очков. Тогда за 5 туров А получит не более чем $2+5+5+5+5=22$ очка. Так как А получил 22 очка то в каждом из состоящих четырех туров он получал по 5 очков. Ученик В за оставшиеся 4 тура получил не менее $1+1+1+1=4$ очков, а всего не менее 5+4=9 очков. Значит в каждом из оставшихся 4 туров он получал по 1 очку. Окончательно получаем следующую таблицу результатов:

| | 1 тур | 2 тур | 3 тур | 4 тур | 5 тур |
|---|---|---|---|---|---|
| *A* | 2 очка | 5 | 5 | 5 | 5 |
| *B* | 5 очков | 1 | 1 | 1 | 1 |
| *C* | 1 очко | 2 | 2 | 2 | 2 |

## 9 класс
## II тур

1. Сумма трех чисел a, bи cделится на 3. Доказать, что $a^2+b^2+c^2+\left((a-b)(b-c)(c-a)\right)^2$ тоже делится на 3.

2. Доказать, что для любых вещественных чисел xи yсправедливо неравенство

$$\left|\frac{(x+y)(1-xy)}{(1+x^2)(1+y^2)}\right| \le \frac{1}{2}$$

3. Доказать, что четырехугольник *ABCD* является трапецией или параллелограммом тогда и только тогда, когда произведению площедей треугольников *ABC* и *BCD*равно произведению площадей треугольников *ABC* и *ACD*.

4. Клетка клетчаткой доски $7 \times 7$ называется «плохой», если удалив ее оставшуюся часть нельзя будет замостить пятнадцатью фигурками вида



и одной фигуркой вида



Укажите все «плохие» клетки.

## Решение задач для 9 класса
## II тур

1. Нетрудно убедиться в том, что сумма трех целых чисел делится на 3 в том и только в том случае, когда все три числа при делении на 3 дают одинаковые остатки, либо когда эти числа при делении на 3 дают попарно различные остатки. Если $a \equiv b \equiv c \pmod 3$, то

$a^2+b^2+c^2+\left((a-b)(b-c)(c-a)\right)^2 \equiv 3a^2+0 \equiv 0(mod\ 3)$. Если же и при делении на три дают попарно различные остатки, то числа не делится на 3 и квадрат этого числа при делении на 3 дает остаток 1. В этом случае получаем

2. Заметим, что для любых вещественных чисел *x и y* справедливо тождество $(1+x^2)(1+y^2)=(x+y)^2+(1-xy)^2$. Неравенство в условии задачи равносильно следующим:

$$\left|\frac{(x+y)(1-xy)}{(1+x^2)(1+y^2)}\right| \le \frac{1}{2} \Leftrightarrow 4(x+y)^2(1-xy)^2 \le \left((1+x^2)(1+y^2)\right)^2$$
$$= \left((x+y)^2(1-xy)^2\right)^2 \ge 0$$

3. Пусть точка *O* является пересечением диагоналей. Обазначим через $s_1, s_2, s_3 0 s_4$ площади треугольников *AOB, BOC, COD*и *DOA* соответсвенно. Если произедение площадей треугольников $ABD$ и $DCD$ равно произведению площадей треугольников $ABC$ и $ACD$ ,тогда $(S_1+S_4)(S_2+S_3)=(S_1+S_2)(S_3+S_4)$ . Отсюда получаем $(S_1-S_3)(S_2-S_4)=0$. По крайней мере должно выполнятся одно из равенств $S_1=S_3$ и$S_2=S_4$. Пусть для определенности выполняется равенство $S_1=S_3$. Тогда площади треугольников *ABD*и *ACD*равны, и следовательно высоты, опущенные из вершин *B* и *C* на сторону *AD*тоже равны. Значит, стороны *AD*и *BC*параллельны и четырехугольник *ABCD* является трапецией или параллелограммом. Нетрудно доказать обратное утверждение.



Рис.1


Рис.2


Рис.3

4. На рис.2 серым цветом закрашены «неплохие» клетки доски 7 × 7. Действительно, если удалить какую-нибудь из этих клеток, то оставшуюся часть серого (см. рис.2) квадрата 2 × 2 можно покрыть фигуркой в виде уголка, а оставшуюся часть доски пятнадцатью прямоугольными фигурками. На рис.3 показан пример такого покрытия. Тепер докажем, что все клетки на рис.3 закрашенные серым цветом являются «плохими». Для этого раскрасим клетки доски на три цвета 1, 2, 3 так, как показанона рис.1. В дальнейшем будем рассматривать только этот рисунок. Предположим, что удалив какую-то из этих клеток нам удалось замостить оставшуюся часть доски пятнадцатью прямоугольными фигурками  и одной фигуркой в виде уголка. Прямоугольная фигурка в любой части доски покрывает клетки всех трех цветов. В совокупности пятнадцать таких фигурок покроют пятнадцать клеток цвета 1, пятнадцать клеток цвета 2 и пятнадцать клеток цвета 3. Обратим внимание на серую часть доски. Здесь, клетки первого и седьмого столбцов, симметричные друг-другу относительно четвертого столбца имеют одинаковый цвет. Анологично, клетки первой и седьмой строки, симметричные друг-другу относительно четвертой строки тоже имеют одинаковый цвет. Пусть клетка была удалена из первого, четвертого или седьмого столбца. Вставим эту клетку обратно и переложим все фигурки симметрично относительно четвертого столбца той клетке, которая до этого была удалена. Также получим «полное» замощение. Так как удаляемая клетка не поменяет цвет, то теперь «уголок» должен покрывать клетки тех же цветов, что он покрывал в предыдущем случае. Нетрудно убедиться, что если «уголок» в предыдущем случае покрывал клетки всех трех цветов, то в этом случае будет покрывать две  клетки одного цвета  и одну какого-нибудь другого, и наборот. Анологично можно прийти к противоречию, если клетка удаляется из первой, четвертой или седьмой строки (в этом случае нужно переложить фигурки симметрично относительно четвертой строки). Полученное противоречие доказывает наше утверждение.



*Смағұлов Азамат*
*Семей қаласындағы*
*«Шығыс Қазақстан облысы дарынды балаларға*
*арналған қазақ-түрік-лицейінің оқушысы*

*Дарынды оқушы – ұлт болашағы демекші, елімізде жас та болса білімі мен талантымен ерекше көзге түсіп жүрген дарындар аз емес. Солардың бірі– Семей қаласындағы дарынды балаларға арналған облыстық мамандандырылған қазақ-түрік лицейінің оқушысы Смағұлов Азамат.*

*Ол химия пәнінен облыстық, республикалық, халықаралық олимпиадалардың бірнеше мәрте жүлдегері. Қазақстан Республикасы ұлттық зияткерлік құрамасының мүшесі.*

*Азамат - Шығыс Қазақстан облысының ғана емес, Қазақстан Республикасының атын бүкіл әлемге танытып жүрген, болашағынан үміт күттіретін жас дарын. Қазақстан Республикасының ұлттық құрама командасының құрамында республикада, алыс-жақын шетелдерде оқу-жаттығу жиындарынан өтіп, беделді халықаралық олимпиадаларда жүлделі орындарды иеленіп келеді. Үздіксіз жаттығулар мен тынымсыз еңбегі, ұстаздары мен тәлімгерлерінен алған білімі сан түрлі білім додаларында жемісін беріп, нәтижесін көрсетті.*

*Бүкіл әлемнің ең үздік жас химиктері жиналған халықаралық олимпиадаларда еліміздің намысын абыроймен қорғай білді. Атап айтса, 2014 жылы Үндістан мемлекетінің Нью-Дели қаласында өткен халықаралық олимпиаданың (AMITY) қола медаль иегері, 2015 жылы Арменияда өткен беделді Менделеев олимпиадасында күміс медаль және II дәрежелі диплом иеленді. Әзірбайжан Республикасында оқушылар арасында өткен 47-Халықаралық олимпиадада күміс медаль жеңіп алды.*

*Азамат білімі мен мақсатшылдығы, табандылығының арқасында әлі де талай биік асуларды бағындыратынына сеніміміз мол.*

- ***Азамат, қайырлы күн, сізбен сұхбаттасу мәртебесі бізге бұйырды.***

***Азамат:*** Қайырлы күн! Әрине, кез-келген сұрақтарыңызға жауап беруге әзірмін.

- ***Өзіңіз туралы қысқаша мағлұмат бере кетсеңіз.***

***Азамат***: Мен Смағұлдың немересі, Сеpiктің ұлымын. Атымды нағыз азамат болсын деп, Азамат қойса керек. 1999 жылдың 7 шілдесінде дүние есігін аштым. Мектепке алты жасымда барғаң соң, білімге деген құштарлығым ояна бастаган сияқты. Отбасымда төрт адам. Олар: анам, әкем, апайым және мен. Ал осы жылы еліміздің ең білімі жоғары мектептерінің бірі - Семей қазақ-түрік лицейін тәмамдағалы жатырмын.

- ***Сіздің білім адамы болуыңызға алғаш жетелеген кім?***

***Азамат:*** Ең бірінші кезекте, ата-анам десем еш қателеспеген болар едім. Өйткені, ата-анам менің оқуға деген қызығушылығымды байқап, жағдайымды жасады. Кейін келе, лицей қабырғасында жүргенде мұғалімдер мен тәрбиешілерім де көп ықпал етті.







***- Неге Химия? Неліктен математика емес, биология емес?!***

***Азамат:*** Лицейге алғаш келгеиімде химия олимпиадшылары мені шақырып алып, маған көптеген химиялық тәжірбиелер көрсете бастады. Сондықтан болар, менің химияға деген махаббатым артып, оны бүге-шүгесіне дейін зерттегім келді. Себебі, химияның болашағы зор деп ойлаймын. Мен ғана емес, бүкіл әлем ғалымдары да дәл солай ойлайды.

***- Бастауыш сыныпта қай пәнге қызығушылық таныттыңыз?***

***Азамат:*** Бастауышта да техникалық ғылымдарға көп назар аударатынмын. Басқа сабақтарым да бестік баға болғанымен, математиканы ерекше жақсы көрдім.

***- Отбасыңызда сізден басқа білімді, оқуда озат адамдар бар ма?***

***Азамат:*** Әрине, бар. Ол менің апайым - Әмина. Мен лицейге түскен жылы, ол да Назарбаев Зияткерлік мектебінің оқушысы атанды.Қазіргі таңда Қазақ Британ Техникалық Университетінің тәлімгері атағына ие болды.

***- Осыған дейін қатысқан олимпиадаларыңызға бір шолу жасап жіберсеңіз.***

***Азамат:*** Тоғызыншы сыныпта Республикалық олимпиадада бірінші болғанымда ерекше қуандым. Бұл тек қана менің емес, ата-анамның, мектебімнің, Семейімнің қуанышы еді. Сол кезде ешкімнің бетін жерге қаратпау үшін барымды саламын деп шештім. Тоғызыншы сыныптың аяғына қарай Үнді жерінде өткен AMITY халықаралық олимпиадасына қатыстым. Қазақстан намысын қорғап, қола медаль иегері атандым. Оныншы сыныпта Республикалық олимпиадада күміс жүлдегер, Павлодар қаласында өткен бірінші халықаралық Бектұров олимпиадасында абсолюттік чемпион атандым. Ереванда ұйымдастырылған 49-ншы Менделеев олимпиадасында қоладан, Бакудегі Бүкіләлемдік Химия олимпиадасында күмістен медаль тағындым.

***- Бәрекелді, Азамат! Болашақта қандай мамандық иесі болу жоспарыңызда бар?***

***Азамат:*** Қатып қалған бір таңдау жасамадым. Болашақта кім болсам да, халқыма, еліме ерекше пайдасы тиер адам болатынымды білемін. Химия өнеркәсібіне, медицинаға үлесімді қосқым келеді. Қазіргі жаһандану заманында сапалы химик болып, химиктердің қатарын толықтырып, елімнің өркендеуіне зор үлес қосқым келеді.

***- Қадамыңызға нұр жаусын дейміз. Толағай табыстар тілейміз.***

## ЖҰЛДЫЗАЙДА ЖАРҚЫРАҒАН ЖҰЛДЫЗДАР!

Республикамызда мүмкіндігі шектеулі балалар шығармашылығына арналған «Жұлдызай» фестивалі биылғы жылы еліміздің шығысынан бастау алды. 2015 жылдың 14 сәуірінде Өскемендегі Металлургтер сарайында 9 республикалық «Жұлдызай» фестивалінің өңірлік іріктеу кезеңі өтті. Байқауға облысымыздың барлық аудан-қалаларынан келген 10 – 18 жас аралығындағы 230 оқушы қатысты.

Дәстүрлі «Жұлдызай» фестивалінің негізгі мақсаты – даму мүмкіндігі шектеулі талантты балаларды анықтау және шығармашылық қабілеттерін дамыту, қоғамның аталған санаттағы балаларға деген коңілін аудару. Фестивальге қатысушылар вокалдық орындау, сурдоаударма ән айту, би, бейнелеу өнері, декоративті - қолданбалы шығармашылық, аспаптық орындау аталымдары бойынша өз өнерлерін ортаға салды.



Жастайынан өмір соқпағын көріп, тауқымет тартқан жандардың арасында да жаны өнерге бейімдері де жетерлік. Облыстық білім басқармасы, «Жұлдызай» қайырымдылық қорының ұйтқы болуымен ұйымдастырылған өнер додасында конкурсанттар көрермендерді шығармашылық пен достық әуені әуелеген ертегі әлеміне баурап, әркайсысының жүрегіне жол таба білді.

Өрімдей ғана балалардың өмірге деген құлшынысы, онерге деген қызығушылығы, арманға деген ұмтылысы жоғары болды. Қазақтың қасиетті қара домбырасынан орындалған күйдің үні көрермендерді бір шабыттандырып тастады. Көз алдымызға дариядай дархан даламыздың көгінде ойнақтаған мыңғыраған жылқының шабысына кенелген аталарымыздың тірлігінен елес бергендей болды.

Саз әуенін жанымен түсіне білу - фестивальдің ең тартымды номинацияларының бірі. Ән әуенін тыңдарманға қимыл арқылы өз мәнерінде жеткізе білу де хас шеберлікті талап етеді. Бұл арада да біздің конкурсанттарымыз аянбады. Әдемі қимылдарымен әннің әрбір сөздерін өз тыңдарманына жеткізе білуге тырысып бақты.

Балауса балғындардың сахнада мың бұралып билеп, сазды әуен ырғағына ілесіп ән салып жігерлілік танытқаны еріксіз таңдай қақтырады.




Қылқалам өнеріне деген қызығушылық та биылғы жылы назарымыздан тыс қалмады. Әрлі бояу үлгілерімен бейнеленген әрбір кескін композицияның идеясын баршамызға асқан талғамдықпен жеткізгендей.

Конкурсқа қатысқан балалардың арасынан мықтыларын таңдау да оңайға соққан жоқ. Өнер сынына қатысқан әрбір балдырған ескерусіз қалмады. Фестивальдің барлық қатысушылары облыстық білім басқармасының сертификаттары және сыйлықтарымен марапатталды.

Көрермендер таңдана тамашалаған, мерекелік кеш көтеріңкі көңіл-күймен өз мәресіне жетті. Біз жас балдырғандардың болашақтарынан зор үміт күтіп, үлкен сенім білдіреміз.



# ШҚО КОМАНДАСЫ «АҚБЕРЕН» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАЙҚАУЫНДА ҮЗДІК АТАНДЫ



Жас дарындар арасынан кәсіптік қызметін таңдауға шығармашылық қабілеті жоғары, тапқыр талантты жан - жақты өнерлі балаларды іздеп табу, кәсіби бағдар беру, ұлттық ортаны қалыптастыруға жол көрсетіп суырып салмалық, әмбебаптық қабілеттеріне баса ден қою табиғи танымдық қабілеттерін айқындау мақсатында Республикалық ғылыми-практикалық «Дарын» орталығының ұйымдастыруымен ағымдағы жылдың 19-21 наурыз күндері Түркістан қаласында ІІ республикалық «Ақберен» байқауы өтті.

Халықтың қалт етпес қағидасын, елдіктің еңселі естелігін танытатын қазақ тілі. Ұлт тағылымын белгілі қағидаттарға сүйеніп, өскелең ұрпақ бойына ана тілді сіңіру оны оқытудан басталады.

Бұл сайыс - Тәуелсіз қазақ елінің бүгінгі құдіреті, болашағының кепілі - кемел білім берер мектебі іспеттес.



Ал, заман талабына сай, әлем кеңістігінде білім додасынан тайсалмайтын жас жеткіншектерді тәрбиелеу басты парыз.

Аталған іс-шараға еліміздің әр өңірінен 100-ге жуық үміткер қатысып, өз бақтарын сынады.

Өнер додасы: шешендік өнер, көркемсөз оқу, шығарма, ұлттық аспапта ойнау, ақындар айтысы, ақындар мүшәйрасы сияқты алты аталым бойынша өткізілді.

Өнерлі жеткіншектердің өнерлерін бағалап, қазылық еткендердің қатарын Әлтай Аманжол басқарды. Әлтай Аманжол өнер додасының ашылу салтанаты мен жабылуында оқушылар мен жетекшілерге осындай байқауға келіп қатысып, өздерін көрсеткендеріне ризашылығын білдіре келе, қазақ айтысының, қазақ шешендік өнерінің жалғасы бар екенін мақтан етті. Жас ұрпақтың бойында Отанға деген сүйіспеншілік жатқанының куәсі болғандарын жүрекжарды айтты. Сонымен қатар, қазылар алқасының құрамында филиология ғылымдарының докторлары ақын Жанат Әскербекқызы мен Құлбек Ергөбек, филология ғылымдарының кандидаты Қарлығаш Сарекенова сынды ғалымдар қазылық жасады. Сайыс қорытындысы бойынша облыстың абыройын арқалап барған алты оқушының алтауы да жеңіс тұғырынан көрініп, командалық бірінші орынға ие болды және де ауыспалы кубокты жеңіп алды.



Оқушылардың жетісігімен, мұғалімдерінің еңбектеріне зор қуаныш білдіреміз!

Жалпы, «Ақберен» байқауының шарты бойынша командалық бірінші орынды жеңіп алған облыс келесі жылғы байқауды ұйымдастыру құқығына ие болады. Олай болса, келесі жылғы республикалық «Ақберен» байқауының біздің облысымызда өтуі мерейімізді тағы бір көтеріп тастады.

Келер жылғы байқаудан да талант пен дарындылық бойынша алар асуларымыз бен жетістіктеріміз жоғары болатынына сеніміміз мол.

# «ЕРЛІК ӨШПЕЙДІ, ЕР ҰМТЫЛМАЙДЫ»

Елбасымыздың «Нұрлы жол – болашаққа бастау жол» атты Жолдауында «2015 жыл - ұлттық тарихымызды ұлықтау және бүгінгі биіктерімізді бағалау тұрғысынан мерейлі белестер жылы» деп атап өткен болатын. Қазақ хандығының 550 жылдығын, Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Конституциямыздың 20 жылдығын, Ұлы Жеңістің 70 жылдығын ерекше атап өткен болатын.

Жеңістің 70 жылдығы қарсаңында Ұлы Отан соғысында қаза тапқан боздақтардың рухына бас иіп, олардың ерліктерін жадында мәңгі сақтау – кейінгі буынның азаматтық парызы.

Ер есімі - ел есінде мәңгі сақталады. Ешкім де, ештеңе де ұмытылмақ емес. Тәуелсіз Қазақстан елі өз боздақтарын қастерлеп, қасиеттейді! Біз оз аталарымызды мақтан тұтамыз өйткені, олар біз үшін Отан үшін қасық қандары қалғанша күресіп, бізге Жеңіс сыйлады. Бұл жеңістің басты себебі, әрине, халқымыздың Отанға деген сүйіспеншілігі, қайтпас қайсар ерлігі, сын сағаттағы отаншылдық қасиеті.

Бұл соғыста Кеңес Одағын мекендеген барлық халық бір жеңнен қол, бір жеңнен бас шығарып Отанын қорғады. «Ел үмітін ер ақтар, ер атағын ел сақтар» - дей келе, Ұлы Отан соғысының 70 жылдығына орай ата-бабаларымыздың рухына тағзым ретінде олардың ерен ерліктерін, жер, Отан, біздердің жарқын болашағымыз үшін жасаған ерліктерін мәңгілікке есте сақтап, жадымызда ұстаймыз. Қанша жылдар өтсе де, бұл соғыста ерлікпен қаза тапқан әрбір батырларымыздың тарих төрінен орын алатыны және ұрпақтары мәңгі Жеңіс алауын сөндірмей, Отан үшін от кешкендерді әрқашанда жүрек түпкірімізде ұстаймыз. Ер жүрек батырларымызды еске алу кештері мен ерлік сабақтарын өткізу жыл сайынғы дәстүрімізге айналған.

Биылғы жылы ерлік шежіресіне толы Ұлы Жеңістің 70 жылдығы Республика көлемінде кеңінен аталып өтті. Сондай аумақты шаралардың бірі –2015 жылдың ақпан-наурыз айлары аралығында мектеп оқушылары арасында өткізген Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске шығысқазақстандықтардың қосқан үлесіне арналған эссе жазудан республикалық байқаудың облыстық кезеңінің өткізілгені.

Байқауға ұсынылған эсселерден оқушылардың еліміздің басынан өткен ауыр кезеңді корсете білгендері байқалды. Қазақстан халқының Ұлы Отан соғысы Жеңісіндегі орасан зор ерлігі мен ел басына ауыр сын түскен сәттегі көрсеткен ерліктерін орынды жаза білген. Өздерінің шығармашылық жұмыстарында оқушылар бүгінде қатарлары сиреп бара жатқан Ұлы Отан соғысы ардагерлері және тыл майдангерлеріне деген зор мақтаныш сезімдерін білдіріп, оларды құрметпен еске алады. Оқушылар Ұлы Отан соғысы кезіндегі халқымыздың басына төнген ең ауыр күндерді еске ала отырып, жанымен, қанымен, ерлігімен Жеңіс күнін жақындатқан бабаларының жүріп өткен жолдарын өз шығармаларында сөз етеді. Эссе тақырыптары мен мазмұны әр түрлі: бірі өз атасының туған халқын қорғау жолында қасық қаны қалғанша жауды жеңіп, Жеңіс күнін жақындатқаны туралы жазса, енді бірі Жеңіс туын жақындатқан тыл майдангерлерін ерекше құрметтейді. Барлығы дерлік бейбіт өмір сыйлаған соғыс ардагерлеріне балалық жүректерімен бас иеді.




Оқушылардың байқауға ұсынылған шығармашылық жұмыстары көркемділігімен, терең мазмұнымен, тақырыптың жан-жақты ашылуымен ерекшеленді.

Шығармашылық жұмыстардың үздік эсселері мен шығармалары Жеңістің 70 жылдығына арналған «Отты жылдар шежіресі» шығармалар жинағына енді.

«Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске шығысқазақстандықтардың қосқан үлесі» тақырыбында өткізілген эссе байқауы бойынша, оқушылар орындаған үздік жұмыстарды оқырмандар назарына ұсынамыз.

***Садықанова Мадина,***
***Үржар ауданы,***
***С.Сейфуллин ат. ОМ, 11 сынып***

# СОҒЫСТЫҢ ЫЗҒАРЫ ТИГЕН МЕНІҢ ОТБАСЫМ

*(Мақала кейіпкері Болат Мұхамадиев)*

Мен – жаңа ғасыр, жаңа мыңжылдықтың ұрпағымын. Алдымда сансыз тарау жолдар, қилы - қилы кезеңдер жатыр. Осынау ой түкпірі жетпейтін шырмалған ойлар ішімнен «жан аға», «туған жер» деген сөздер санамнан ошпей қойды. Мен өз ойымды таразылай отырып қалай жеткізсем деген толғаныспен қолыма қалам алдым. Қазақта «Жеті атасын білмеген – жетесіз» деген мәтел бар. «Жылқы жеті тегіне тартып туады» деп халық адамның арғы тегіне тартып туатынын айқындап, «Біреу әкеге тартып туады, біреу 1 әкеден 1 артып 1 туады» 1 дейді.

Менің ойымды сан саққа жүгірткен жай: көпті көрген тылда еңбек еткен, менің атам Болат Мұхамадиев туралы жазғым келеді. Бүгінде бақытты қарттықты бастан кешіріп ақырын басып көше бойлап бара жатқан ұзын бойлы тік-тік жүретін адамды көрсең менің атам деп ойлай беріңіз.

Атам оз сөзінде; Жастық шағымыз Ұлы Отан соғысына тура келді. Бізде бүгінгі балалардай алаңсыз өмір, тоя тамқтану болған жоқ. Күн ұзын ұжымшардың бітпейтін жұмысынан түнделетіп жететін анамыз қолына түскенін бізге беріп, өзі ашқұрсақ жұмысқа кететін. «Бүгінде жерде жатқан ақ нанды көтеруге арланатындар біздің балалық шағымызға бір үңіліп көрсе шіркің», - дейді 1 атам 1 күйініп Әкесі Жұмақын соғыстың алдында «Крупская», «Коминтерн», «Үшінші бесжылдық», «Киров» деген шағын колхоздар орналасқан өңірде селолық кеңестің торағасы болды. Кейіннен «Молотов» колхозын басқарды. Анасы да сауатты адам болса керек. Соғыс жүріп жатқан кезде Нұрлығайын Қасымқызы Көктал селолық кеңесінің төрағасы міндетін атқарды. Осындай аласапыран заманда Болат Мұхамадиев атасы Мұхамади мен апасы Батиманың бауырында өсті. Үлкендерді сыйлауды,оларды құрметтеуді атасы мен апасынан үйренсе керек. Атасы Мұхамади «Крупская» колхозының ірі қара малын бақты.

Болат қарт бүгінгі Мақаншыдағы Мақаншы орта мектептің сегізінші сыныбын бітіріп, кейіннен еңбекке араласты. Оқығандарынан жұмыс істегені көп болды. Сол кезде ауылда ер адамдар жоқтың қасы. Жұмыс қолы қажет болса, балаларды алып баратын. Бойына, күшіне қарамайтын. Қолдарынан келгенше жан - тәндерімен еңбектенетін. Үлкендер жұмсаған жерге бас тартпай, ойланбай баратын. Бұл да келешекке еңбекке жақын жақсы адам болудың бастамасы екен ғой!

1950 жылы небәрі он төрт жасында колхозшы кітапшасын толтыртты. Бүгінгі он төрт жастағы оқушымен салыстырып қарайықшы.

Атам тағы бір сөзінде: «Күннің ми қайнатар аптап ыстығында бір жүргенде 3,5 гектар жердің аумағын шауып өтетін бес тракторға тіркелген шалғынның жалына жармасамыз.Трактордың гуілі, шөптің шаңы маңайды басына көтереді» деп күлімсіреді.

Өзі сол қайта келмес жастық шағына дән риза.Таңның атысы, күннің батысы дала қосында еңбек етті. Сол жерде жататын масалар мазасын бек алатын. Кейіннен көп ұзамай тракторшы Зада Ариповке көмекші болды, сөйтіп тракторшы мамандығын меңгерді.Осылайша дала диқаны атанды. Ол былай болды дейді қарт: «1962 жылы қоғамдық малға жүгері сүрлемін дайындау бүкіл Қазақстан бойынша қарқын алды. Бұған жазда мектептің барлық оқушыларынан жүгері өсіретін өндірістік бригадалар ұйымдастырылды.Сол бригаданың бірін мен отыз жылдан астам басқардым. Менің алдымнан талай балалар еңбектің дәмін тәтті. Олар еңбек десе жанын салатын, айтатыныңды қабағынан танитын тамаша жандар болды » деп еске алады.

Әр жыл сайын 150 - 200 гектарға бітік жүгері өсіріп, күзде жастай шауып, тұз қосып, алдын ала дайындалған арнаулы шұңқырға төгіп, үстін шынжыр табанды трактормен таптайтын.Жаз бойы еңбек еткен балалар да ақша алып, ата - анасын қинамай мектепке киім кешегін алатын.

Болат Жұмақынұлының жанарынан қазіргі кезде өткен күндерге деген сағыныш байқалады. Онын өзіндік себебіде жоқ емес екен. Еңбекпен оқуды ұштастырып еңбектен қол үзбей, Семей қаласының жанындағы Ново-Покровка зоотехникалық - мал дәрігерлік техникумынині өндірісті ұйымдастыратын комплекті бригадирлер дайындайтын курсын жақсы бағамен бітірген.

Оқушылардың өндірістік бригадасын басқарып жүріп, жүгерінің әр гектарынан 550 - 600 центнерге дейін көк балауса алуға ұдайы қол жеткізіп жүрген. Колхозшылардың, кәсіподақтардың, партияның съездеріне делегат болып қатысқан майталман еңбеккер, аудандағы аса қадірлі адамдардың бірі болған. «Красный партизан» колхозынаң бөлінген «Қаратал» колхозының жүгері өсіруші чемпион Болат Мұхамадиев талай биіктерге қол жеткізіп марапат1көрген1адам.

Соның бәрі еңбектің арқасы.Ұлы Абай «Еңбек етсең ерінбей тояды, қарның тіленбей» демеп пе еді? Ауданға бөлінген жеңіл көліктің бірі сыйға тартылыпты. 1972 жылы Кеңес Одағының Жоғарғы Кеңес Президимумынның шешімімен «Құрмет белгісі» ордені төсіне тағылды. Мәскеу қаласында жылда өтіп тұратын Кеңестер Одағының халық шаруашылығы жетістіктерінің көрмесіне бірнеше рет қатысып алтын, күміс медальдарының иесі атанды.Жоғары органдар тарапынан берілген атақтар қаншама?

Болат Мұхамадиев атамыз жайлы біраз жыл бұрын Үржар ауданының «Красная Знамя» газетіне журналист ағамыз Валерий Доненбековтың жазған «Қараталдың қанатты адамы» деген очеркі түсті. Көзі көрген сезімтал журналист ағамыз еңбек адамы жайында тебірене жазған екен-ау! Бір кездегі еңбек десе жанып тұратын, есімі мінбеден сөйлегендердің аузынан түспеитін Болат Жұмақанұлы жұбайымен 7 бала өсіріп ер жеткізді. Бүгінгі таңда жетпісті желкесінен кесіп өткен ақсақал жетпіс тоғызға келді. Карттықтың ауылы келсе де жүрегі жас болып балаша қуанатын ақсақал әлі күнге дейін тынымсыз еңбек етуде. Сірә, жастайынан еңбек етіп, екі қолға бір күрек табатын атамның үйреніп қалған әдеті болар. Қандай жағдайда адамды көркейтетін еңбек екенін Болат атам қайта -қайта қадап айтқанын, мен де бүгінгі жас ұрпаққа жеткізгім келеді. Дана халық «Қарттарым, асыл қазынам» демей ме? Осындай дана, көпті көрген қарты бар біздің ұрпақ бақытты! Өмірі өнегелі, ғұмыры ғибратты, ұрпағы өрісті, адамның қашанда рухы биік! Мен атаммен мақтанам, шежірелі қарт сыйлаған Аллаға мың алғыс айтам. Елімнің еңсесі биік, келешегі кемел, болашағы жарқын болсын деп тілеймін!



***Амантай Аяжан,***
***Семей қаласы,***
***№15 ОМ, 5 сынып***

## ҰРПАҚҚА ҰРАН БОЛҒАН - ҰЛЫ ЕРЛІК

Барша халықтың бостандығы мен тәуелсіздігі, болашақ ұрпақтарының бақыты үшін майдан даласында қасық қаны қалғанша жан қиярлық ерлікпен күрескен, Ұлы жеңіске баға жетпес үлес қосқан боздақтарымыздың өшпес те өлмес те жарқын бейнесі алдында басымызды иіп тағзым етеміз.

Сан миллиондаған адамның өмірін қиған Ұлы Отан соғысының талай боздақты қыршынынан қиып, ананы жесір, сәбиді жетім еткен қанды шайқастарға толы 1418 күн мен түн ешқашан ұмытылмақ емес.

Халқымен бірге біздің ауылдас аталарымыз да алғашқы күннен бастап соғыс майданына кіріпті. Тарбағатай ауданы Кіндікті ауылынан 110-ға жуық ерлер Ұлы Отан соғысына аттанған. Соның 40-қа жуығы аман-есен еліне оралған. Бірнеше боздақ хабарсыз кетті.

Осы сұрапыл соғыстың от пен оқ шарпыған майдан төрінен туған жеріне аман-есен оралған аталарымыздың бірі Сымағұл Сағындықов ата еді. Атаның майданда өткен жолдарына шолу жасағанда Ұлы Отан соғысы туралы мынандай мәліметтерге сүйендім.

«Москва түбіндегі сұрапыл ұрыстардан кейін мұрындары таска тигендей болып аяусыз соққы алған неміс-фашист басқыншылары ендігі бар күшті Сталинград майданына топтастырды. Бұл қаланың әскери стратегиялық маңызы да зор еді. Сталинградтан айырылу жау әскеріне мұнайлы Кавказды басып алуға төтелей жол ашумен парапар болатын. Мұны жақсы түсінген армия қол басшылығы қаланы қолдан шығармай, қорғап қалу үшін бар күшті осында жұмылдырады.

Қаланы қорғауға 50 мың халық жасағы құрылып, олар оқ астында күн-түн жүріп қорғаныс бекіністерін жасауға ат салысты. Шайқас 100 мың шаршы километр территорияны қамтыды. Қорғаныс ұрыстарына маршал Г.К. Рокассовскийдің басшылығымен 2 миллионнан астам жауынгер қатыстырылды. 1942 жылдың қыркүйегінен, 1943 жылдың ақпанына дейін созылған ауыр шайқастарда Сталинградты қорғаушылар ерен ерлік пен қайтпас қайсар табандылықтарын көрсете білді. Бір адым жер үшін жан алысып, жан беріскен ұрыстар жүргізіліп жатты».

Сол бір сұрапыл шайқас күндерінде от- жалынга оралған Сталинградты қоғау ұрыстарына қатысқан жауынгерлердің бірі Смағұл Сағындықов еді.

Смағұл ата 1919 жылы Кіндікті ауылында дүниеге келген.

1939 жылы міндетті әскери борышын өтеу үшін армия қатарына шақырылады. Әскери міндетті Украинаның Львов қаласында өтеп жүргенде соғыс басталды. 8-ші инженер – саперлік бригада құрамында жауға карсы ұрыстарға қатысады.

Смағұл ата өзінің оқушыларымен кездесу өткізгенде майдандас достарымен жүргізген қиян-кескі шайқастардағы шындықты жасырмай айтады екен.

«Неміс фашистері шабуыл жасағанда күші басым жаудан қару жарақтармен солдаттарды шығынға ұшыратпай шегіндіру үшін барлық мүмкіндікті пайдалану біздің бригадаға жүктелді. Үлкенді - кішілі өзен сулардан өту үшін бүлінген көпірлерді тез қалпына келтіріп, ауыр соғыс техникаларымен ақырғы солдат өтіп болғанша немістердің барлық каруларынан аспаннан және жерден атқылаған соққыларына жан кештілікпен төтеп беріп отырдық. Дон және Днепр өзендерінен өтіп Сталинград майданына келіп шеп құрдық» - дейді ата.

1943 жылы Сталинградта қорғауда қаһармандық ерліктері үшін «Қызыл жұлдыз» орденін, осы жылы Курск иініндегі ұрыстағы ерлігі үшін жоғарғы қолбасшының ерекше алғысына ие болды.

«Жау басып алған жерлерді азат ету үшін ілгері жылжыған өзіміздің әскери күштерді тоқтаусыз ілгері өткізуде, көпірлерді тездетіп құрастыру жұмыстары жау бекінісінің маңдай алдында ораған оқтың астында көпірді аман-есен сақтап қалу біздің бригадаға жүктеліп отырды. Осындай қиян-кескі шайқастардың үнемі алдыңғы шебінде болған біздің бригада Болгарияны азат етіп София қаласында 1945 жылы жеңісті қарсы алу қуанышына бөлендік» - деп Смағұл ата жауынгерлердің ерлігін күрсіне отырып баяндайтын.

Осындай ерліктері үшін өзінің майдандас достарымен қатар екінші рет «Қызыл жұлдыз» орденімен награтталды. 1946 жылы елге оралды. Ауыл шарушылығында ұзақ жылдар шопан болип. жұмыс істейді. Сіңірген абыройлы еңбегінің арқасында «Еңбек қызыл ту» орденімен, басқа да көптеген медальдармен, сыйлықтармен марапатталады. Ауыл еңбеккерлерінің алдында үлкен құрметке бөленген адам. Қайырлы еңбектерінің арқасында өзі баққан отардагы қойдың әр жүзінен жыл сайын 120-130 – дан қозы алып, Отанымыздың байлығын арттыруға өз үлесін қосты. Ауданның, облыстың алдыңғы қатарлы еңбек майталмандарының қатарында есімі құрметпен аталды. Смағұл атаны өз ауылының кәрісі де, жасы да Ұлы Отан согысының және еңбектің ардагері деп үнемі құрмет көрсетіп келді. Сол ауылдағы Ғани Мұратбаев атындағы орта мектептің педагогикалық ұжымыменен ауылдағы қогамдық ұйымдар ардагердің атында талай шараларды ұйымдастырды. Соның бірі 9 мамыр Жеңіс күні қарсаңында өткізіліп келген қазақша және еркін күрестен өткізіліп келген «Смағұл Сағындықов атындағы аудан аралық турнирді» өткізуді дәстүрге айландырып келді. Аксуат, Көкпекті аудандары мектептерінің күрес секңиясының палуандары келіп қатысып жүрді. Оларға бас жүлдені Смағұл атаның өзі тағайындап, бас палуандарға ат мінгізді. Смағұл ата өзінің адамгершілігімен, еңбек сүйгіштігімен бойындағы қажыр қайратын аямай ауыл шаруашылығының дамуына қомақты үлес қосқанын ауыл адамдары әр уақытта құрметпен еске алады. Смағұл атаның артында қалған ұрпақтары ауылдың үлкен азаматына айналып, атаның немере, шөберелерін ата дәстүрінде тәрбиелеуде. Смағұл ата 80 жасынан асқанда дүниеден қайтты. Біз жас ұрпақ болашақ үшін айқасқан ардагерлерімізді құрметтеп, ерліктеріне бағалау парызымыз деп білеміз.

Соғыстың халыққа әкелген қасіретін бейнелеген жеңіс үшін жанын қиған боздақтардың рухына арнаған ақын Қадір Мырза Әлидің мына өлең жолдарымен шығармамды аяқтағым келеді.

Жеңістің құны - тесілген жүрек,
Жеңістің құны – кесілген білек.
Жеңістің құны- қираған жамбас,
Жеңістің құны – қираған мың бас.
Бола ма соғыс, біздікі жеңіс!
Біракта, соғыс болмасын деңіз!








*Ұлы Отан соғысына қатысқан*
*тарбағатайлық*
*жауынгерлердің жорық іздері*

# ЮНЫЕ ДАРОВАНИЯ ВОСТОКА

Несколько запоминающихся дней провели вместе одаренные ребята области. Управление образования Восточно-Казахстанской области и региональный научно-практический центр «Дарын» организовали для них на базе круглогодичного учебно-оздоровительного лагеря «Дарын жұлдыздары» Научную Школу. Среди участников - лучшие ученики области, призеры республиканских и международных интеллектуальных и творческих олимпиад, конкурсов и соревнований.

Наиболее ярким событием в рамках Научной Школы стал для ребят форум «Юные дарования Востока». На мероприятии подводились итоги прошедшего учебного года, отмечались достижения. Вот самые значимые из них:

- участниками республиканских и международных конкурсов, олимпиад и соревнований стали 445 школьников области, 225 стали призерами;
- завоеваны первые командные места и звание «Лучшая олимпийская команда» на республиканском конкурсе научных проектов, республиканской олимпиаде школьников по общеобразовательным предметам, на республиканском конкурсе исследовательских работ и творческих проектов «Зерде» среди учащихся 1-7 классов;
- юные восточноказахстанцы стали призерами значимых республиканских творческих конкурсов: Абайских, Махамбетских чтений, конкурсов «Жарқын болашақ», «Юный музыкант», «Астана – Мерей», «Ақберен», «Ақжелең» и др.;
- юные восточноказахстанцы успешно выступили в Корее, Бразилии, России, Грузии, Армении и Казахстане;



- 7 ребят вошли в Национальную интеллектуальную сборную команду Республики Казахстан.«…Мы надежда и слава страны, мы заветам Президента верны. Духом сильный, характером тверд, «Дарын» нас к победе ведет!», - этими словами гимна «Дарын» был открыт форум. Честь торжественно поднять флаг была предоставлена членам Национальной сборной страны, призерам республиканских и международных олимпиад Турусбекову Диасу и Калибекову Дархану.

Ребят поздравила Айтпаева Жанат Женисбековна – директор Восточно-Казахстанского регионального научно-практического центра «Дарын». Каждому участнику были вручены благодарственные письма от имени руководителя управления образования ВКО Нургазиева А.К. и подарки – хрустальные кубки. В своем ответном слове ребята заверили: «Все наши победы мы посвящаем своей области. Обещаем, что свои знания мы будем направлять на благо и процветание страны...».

Волнующим моментом стало исполнение школьного вальса выпускниками. А танец «Байга» в исполнении Баякеновой Баян и песни «Мой Казахстан», «Ризамын», которые с душой, проникновенно спели Балтабаева Жансая и Атаева Молдир, стали еще одним ярким доказательством разносторонних способностей ребят, широты их интересов.

В рамках Научной Школы для участников была организована интересная культурно-познавательная программа: экскурсии на Шульбинскую ГЭС, в сосновый бор, спортивные соревнования, интеллектуально-развивающие игровые программы и др.

Завершая заезд, делясь своими впечатлениями, ребята выразили благодарность за созданные условия и пообещали сделать все возможное, чтобы оправдать надежды, возложенные на них.













**Шығыс Қазақстан облысы**
**Өскемен қаласы**
**Ворошилов көшесі, 79**
**тел:8/7232/552012**
**Таралымы 100 дана**

**www.shygysdaryny.kz**